

Г.М.Жантелеуова^{1*}, Л.Б.Избасарова², А.К.Кадырбергенова², Ж.Н.Ерниязова³¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
010008, Астана қ., Қазақстан Республикасы²Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
060000, Атырау қ., Қазақстан³Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
120000, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы*e-mail: Liza78_78@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК: АЙМАҚТЫ ДАМУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақалада аймақты дамытудың инновациялық факторы ретіндегі әлеуметтік кәсіпкерліктің рөлі қарастырылады. Әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы маңызды әлеуметтік мәселелерді шешудің нарықтық тетігін көрсететінімен айқындалса, халықтың әртүрлі топтарының өмір сүру сапасының теңсіздігі, жұмыссыздық, әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтерді жеткіліксіз өндіру, әлеуметтік-экономикалық жүйенің дамуының тежелуі және оның күрделілігі, заманауи жағдайға байланысты орын алған өзектілігі осы мәселелердің айқын көрінісі болып табылады. Аталған мәселенің шешімі елімізде әлеуметтік кәсіпкерліктің белсенді дамуын қажет етеді. Өйткені, аталған кәсіпкерліктің дамуы тиімді сұраныстың шекарасын кеңейту арқылы халықтың әлсіз қорғалатын әлеуметтік топтарын бизнеске тартуға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар, жаңа экономикалық инновациялық инфрақұрылым нысандарын құруға мүмкіндік береді. Әлеуметтік саладағы инновациялық үрдістердің белсенділігін арттыру, өз кезегінде, әлеуметтік кәсіпкерлердің өзгеріс агенттері бола отырып, қоғамның әл-ауқатын жақсартуды қамтамасыз етеді және олар әлеуметтік тепе-теңдікті орнатуға мүмкіндік беретіні белгілі. Әлеуметтік кәсіпкерлердің инновациялар қызметтерін жүзеге асыруда бастамашысы ретіндегі мемлекеттің рөлі айқындалса, осыған байланысты, қоғамда халық үшін қолайлы әлеуметтік атмосфераны құруға негізделген заңнамалық тұрғыдағы қолдау ретінде табылған нормативтік-құқықтық актілер аталған мақалада қарастырылады.

Мақаланың негізгі мақсаты - аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде әлеуметтік кәсіпкерліктің рөлін ғылыми талдау, оны аймақтық деңгейде инновациялық даму факторы ретінде айқындау және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған тиімді тетіктерін жобалар негізінде ұсыну. Сонымен бірге, әлеуметтік кәсіпкерлік шеңберінде жүзеге асырылатын әлеуметтік жобаларға тоқталып, осы жобаларды қолдау әлеуметтік кәсіпкерліктің белсенділігін ынталандыратыны, оның іскерлік құндылығын арттырып, оң әлеуметтік әсер беретін басымдықтары да айқындалады. Осы орайда, АҚШ-тағы әлеуметтік инновацияларды енгізу мысалдарының тәжірибелік нәтижелеріне зерттеу жасалады. Біздің елімізде де әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау шаралары жүзеге асырылуда екені белгілі болса, оның мысалы ретінде Атырау облысы бойынша жүзеге асырылып отырған «Жарқыра» әлеуметтік жобасы аталған мақалада қарастырылады және оның аймақ экономикасын дамыту кезіндегі инновациялық рөлі анықталады.

Негізгі сөздер: әлеуметтік кәсіпкерлік, инновация, инфрақұрылым, аймақты дамыту, әлеуметтік инновациялық жобалар, әлеуметтік-экономикалық даму, ғылыми-прогресс.

Кіріспе

Әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы маңызды әлеуметтік мәселелерді шешудің нарықтық тетігін көрсетеді. Халықтың әртүрлі топтарының өмір сүру сапасының теңсіздігі, жұмыссыздық, әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтерді жеткіліксіз өндіру, әлеуметтік-экономикалық жүйенің дамуының тежелуі және оның күрделілігі осы мәселелердің айқын көрінісі. Сонымен бірге, мемлекет азаматтардың барлық санаттары үшін әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында «түзету» функциясын жүзеге асыра отырып, қоғамдық игіліктерді ұсынуға әлеуметтік саясатты қолданады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлік белсенді дамып келеді. Бұл бағыт тиімді сұраныстың шекарасын кеңейту арқылы халықтың әлсіз қорғалатын әлеуметтік топтарын бизнеске тартуға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар, жаңа экономикалық инфрақұрылым нысандарын құруға мүмкіндік береді. Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуына ықпал ететін реттеудің әлсіздігі, әлеуметтік саладағы қызмет туралы ақпараттың жеткіліксіздігі, сондай-ақ, осы саладағы инновациялардың баяу қарқынмен жүзеге

асуы – мемлекеттік саясатты құру қажеттілігін білдіріп, әлеуметтік саладағы инновациялық үрдістердің белсенділігін арттыруды қажет етеді.

Заманауи жағдайда өзектілікке ие болып отырған әлеуметтік кәсіпкерліктің аймақтың инновациялық инфрақұрылымын жетілдіру және жандандыруға әсер етуінің айқындалуы бойынша берілетін ұсыныстар мақаланың мақсаты болып табылады.

Аталған мақсаттың орындалуы келесі міндеттердің шешілуін қажет етті, атап айтқанда: әлеуметтік кәсіпкерлік қызметінің мәнін, маңызын ашу, оның инновациямен тікелей байланысын айқындау үшін ғылыми әдебиеттерге шолу жасау, әлеуметтік саладағы инновациялардың бастамашысы ретіндегі мемлекеттің рөлін анықтау, осыған байланысты, заңнамалық актілерге талдау жасау, әлеуметтік кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикалық белсенділігін айқындау, әлеуметтік инновацияларды енгізудің шетелдік озық тәжірибелерін салыстырмалы түрде зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Аталған мақаланы зерттеу барысында талдамалық және салыстырмалы әдістер қолданылды, теориялық және әдіснамалық аспектілерді жүзеге асыру үшін қолданылған ғылыми-зерттеу әдісі отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін зерттеу негізінде жүзеге асырылды. Өзекті мәселе ретінде қарастырылған әлеуметтік кәсіпкерліктің аймақты дамытудың инновациялық факторы ретіндегі қызметі жүйелі түрде талданып, осыған байланысты, нормативтік актілер, әлеуметтік жобалардың аймақтағы дамыту мәліметтері негізге алынады.

Ғылыми-техникалық прогресстің күшею дәуірінде өндіріс пен қоғамды дамытудың негізгі қозғаушы күштерінің бірі – инновация болып табылады. «Инновация» түсінігінің маңызды аспектісі инновацияны енгізу болады. Дей тұрғанмен, қоғамдағы барлық инновациялық шешімдер тікелей экономикалық нәтиже бермейтінін де ескеру керек. Инновациялық даму теориясын қалыптастырушылар қатарына Н.Д. Кондратьев, Дж. Шумпетер, К. Фриман, Р. Нельсон, Д. Норт, Д. С. Львов, С.Ю.Глазьев, Ю.В.Яковец, А.И.Пригожин, В.И.Маевский, В.М.Макаров, Е.В.Попов, т.б. жатқызатын болсақ, аталған ғалымдар, инновацияны тек кәсіпорындардың ғана емес, сонымен қатар, салаларды, аймақтарды, елдерді жедел дамытуға негіз болатын құрал ретінде қарастырады. Инновация тек жаңа өнім, қызмет немесе технологиялық үдерістер ретінде көрініп қана қоймайды, сонымен қатар, қаржылық және басқа да жеңілдіктер беретін әлеуметтік саланы, стратегиялар мен бизнес-модельдерді қамтитынын дәлелденген.

Ал, кәсіпкерлерге келетін болсақ, олар әдетте инноваторлар ретінде қарастырылады, өйткені олар нарықта мүмкіндіктер іздейді және жаңа инновациялық өнімдер мен қызметтерді дамытады [1]. Әлеуметтік кәсіпкерлік контекстінде бұл үрдіс қоғамның игілігі үшін инновациялар әкеледі [2]. Бұл дегеніміз, әлеуметтік кәсіпкерлік инновациямен тығыз байланысты екенін білдіреді. Сонымен қатар, мемлекеттік сектор әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуда инновацияның маңызды үлесі болатынын мойындайды [3].

Нәтижелер және оларды талқылау


Әлеуметтік кәсіпкерлік экономикалық қызметтің ерекше түрі бола отырып, ХХ ғасырдың аяғында АҚШ пен Батыс Еуропада қалыптаса бастады. Географиялық дәстүрлердегі айырмашылықтар әлеуметтік бағытталған қызметтің мәнін ашатын белгілі болып, бірнеше мектептердің пайда болуына әкелді:

- 1) Әлеуметтік инновациялық мектебі (Дж. Томпсон, С. Альворт, Дж. Мейр және И. Марти);
- 2) Әлеуметтік кәсіпкерлік мектебі (Дж.Кримминс, М.Киль, Дж.Эмерсон, Ф.Тверский);
- 3) Еуропалық әлеуметтік кәсіпкерлікті зерттеу мектебі - EMES (У. Стефан, Л. Уланер, Р. Спир, И. Видаль);
- 4) Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға арналған ағылшын мектебі [4], [5].

Қоғам қаражат беру арқылы әлеуметтік кәсіпкерлікке қызығушылық танытады, ал ғалымдар әлеуметтік кәсіпкерлікті экономиканың дамуына әсер ететін маңызды фактор ретінде айқындайды. Әлеуметтік кәсіпкерлікке және әлеуметтік инновацияларға деген қызығушылықтың артуы ұйымдағы әлеуметтік кәсіпкерлікті ынталандыру саясатын жасауға

мүмкіндік берді [6]. Әлеуметтік кәсіпкерлер өзгеріс агенттері бола отырып, қоғамның әлауқатын қамтамасыз етеді және әлеуметтік тепе-теңдікті өзгерту үшін инновацияларды пайдаланады. Осындай пайымдауларға байланысты, біздің ойымызша, әлеуметтік инновация – бұл әлеуметтік кәсіпкерлікпен тығыз байланысты болады, өйткені, әлеуметтік субъектілер үнемі экономиканың әлеуметтік және саяси аспектілерін күшейтудің жаңа жолдарын іздеумен айналасады.

Сол сияқты, отандық ғалымдар Окутаева С.Т., Байбашева Г.Т., Тансыкбаева Г.О өздерінің еңбектерінде әлеуметтік кәсіпкерлікке өзіндік анықтама береді, яғни, әлеуметтік кәсіпкерлік – бұл өзін-өзі ақтау, инновация және тұрақтылық жағдайында қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге немесе жеңілдетуге бағытталған кәсіпкерлік қызмет [7].



Сурет 1 - Әлеуметтік кәсіпкерлік қызметінің мәнін ашатын төрт мектеп
Ескерту: авторлармен [5], [6], [7], [8] дереккөздер негізінде құрастырылған

Қазіргі заман жағдайына сәйкес, технологияның қарқынды дамуы экономикалық, әлеуметтік, саяси және басқа үрдістердегі мәселелерді шешуде инновациялық тәсілге тәуелділігін көрсетті. Оны қоғаммен бірге жетілдіре отырып, ол әлеуметтік бизнестің жаңа формалары мен интерпретацияларына ие болады. Әлеуметтік кәсіпкерлік қызметтегі инновациялық көзқарасты жүзеге асырудың мысалы ретінде, Қазақстандағы жыл сайынғы әлеуметтік инновациялық жобалар байқауын атап өтуге болады.

Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық дамуын инновациялық өсумен ынталандыра алады. Инновация әрқашан үлкен тәуекелдермен байланысты болғандықтан, оны азайту үшін ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті қолдау саласында арнайы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру қажет. Технологиялық өзгерістердің негізгі құралы инновациялар мен инновациялық кәсіпкерлікке инвестиция салудың бетбұрыс кезеңі болып табылады, оған мемлекеттің қолындағы күштер мен ресурстарды бағыттау арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мүмкін болады және ол негізінен халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін әлеуметтік кәсіпкерлікте инновацияларды енгізудің қажеттілігін айқындайды.

Әлеуметтік саладағы инновациялардың бастамашысы бұл – мемлекет болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының мақсаты – ұлт денсаулығын жақсарту, белгілі бір қолайсыз өмірлік жағдайларда жеткілікті табыс пен әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету және тұтастай алғанда қоғамда халық үшін қолайлы әлеуметтік атмосфераны құру. Алға қойылған мақсат әлеуметтік бағдарламаларға негізделген бизнес үшін тиімді, олар оның даму стратегиясымен байланысты және компанияның беделін арттырушы инвестиция болып табылады. Әлеуметтік бағдарламалар нақты әлеуметтік әсер ете отырып, негізгі кәсіпкерлік қызметке оң әсер етеді. Дамыған ірі ұйымдар әлеуметтік жобаларға қомақты қаражат салып, осылайша әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуде нақты жеңілдіктер алуға ұмтылады.

Біздің елімізде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 24 маусымдағы № 52-VII ҚРЗ қабылданды. Аталған Заңға сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бастамаларын қолдауды мемлекеттік органдар, ұлттық холдингтер, ұлттық даму институттары және өзге де ұйымдар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асыратыны айқындалды. Сондай-ақ, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері, әлеуметтік кәсіпкерліктің міндеттері, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары бойынша бөлінуі анықталады.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау осы Кодекстің 93-бабында көзделген жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларынан және осы Кодекстің 232-бабында көзделген шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларынан басқа, келесідей түрде жүзеге асырылады:

- 1) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін қолдау инфрақұрылымының болуын қамтамасыз ету;
- 2) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес салықтық жеңілдіктер беру;
- 3) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылай қолдау көрсету (оның ішінде екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесіне және мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) ақы төлеуге субсидиялау беру шеңберінде);
- 4) мемлекеттік мүлікті «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сатып алу құқығынсыз жеңілдікті шарттармен мүліктік жалдауға (жалға) беру;
- 5) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне ақпараттық қолдау көрсету;
- 6) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне консультациялық және әдістемелік қолдау көрсету, акселерациялық бағдарламалар арқылы дамыту (оның ішінде қаражат тарту, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысу мәселелері бойынша) [8].

Бүгінде Қазақстан Республикасында әлеуметтік кәсіпкерлік шеңберінде жобалардың саны өте көп, олардың негізгі үлесі коммерциялық емес ұйымдар жүзеге асыратын жобаларға тиесілі екені белгілі болса, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы – коммерциялық емес ұйым болып табылады. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы отандық бизнестің ҚР Үкіметі және мемлекеттік органдармен келіссөздер жүргізу жұмыстарының қарқынын арттыру мақсатында құрылған [9].

Әлеуметтік кәсіпкерлікпен байланысты жобаларды іске асыру белгілі бір әлеуметтік мәселелерді шешуге арналған, олардың қаржылық көздері сыртқы көздерден (мемлекет, меценаттар, демеушілер, гранттар, өз қаражаттары) тартылады.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің белсенділігін қолдау факторлары ынталандырса, ол оның іскерлік құндылығын арттырып, оң әлеуметтік әсер беретіні белгілі. Осыған байланысты, мемлекет тарапынан және қоғамдық қолдаулардың негізінде әлеуметтік кәсіпкерлік идеясы кеңінен талқыланып, жылдан-жылға өзінің маңыздылығын нығайта түсуде деген пайымдау жасаймыз. Біздің ойымызша, кәсіпкерліктің жаңа «әлеуметтік» түрінің пайда болуы көптеген әлеуметтік мәселелерді шешудегі аса маңызды құрал болып табылады. Осындай маңыздылықтарды ескере келе, әлеуметтік кәсіпкерлік – ол экономикалық тиімділікке қол

жеткізу және кәсіпкерлік, оның ішінде жаңашылдықты әлеуметтік миссиямен біріктіретін әлеуметтік қызметті жүзеге асыру тәсілі деген тұжырым ұсынамыз.

Осы тұжырым және бірқатар ғылыми әдебиеттерді сараптау негізінде келесі кестеде әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі белгілерін ұсынамыз.

Кесте 1 - Әлеуметтік кәсіпкерліктің негізі белгілері

№	Әлеуметтік кәсіпкерліктің негізі белгілері	
1	Әлеуметтік миссия	әлеуметтік бағыттағы мәселелерді шешу
2	Тұрақты коммерциялық әсер	өзін - өзі ақтау және бәсекеге қабілеттілік
3	Әлеуметтік және экономикалық ресурстармен қисындастырудағы жаңашылдық	жаңа идеялар мен инновацияларды жүзеге асыру
4	Тұлғалық әсер	әлеуметтік идеяларды корпорациялар емес, жеке адамдар қалыптастырады
Ескерту: әдебиеттерді сараптау негізінде авторлармен құрастырылды		

Қазақстанда әлеуметтік бизнеске инновацияларды енгізу оң өсу динамикасына ие, бірақ, әлеуметтік кәсіпкерлікті жетекші орынға шығару үшін ол әлі де жеткіліксіз болуда. Бұған себеп, нормативтік-құқықтық база, инновациялық қызметтің оң тәжірибесінің аз таралуы мен жастардың инновациялық қызметке жеткіліксіз қатысуы болып табылады. Осындай мәселені шешу барысында, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерін шолу, осы бағыттағы жұмыстарды жүзеге асырушы елдердің озық тәжірибелерін сараптай келе, еліміздегі әлеуметтік саланы дамытудың инновациялық шараларын ұсынамыз, яғни Қазақстанда әлеуметтік саланы неғұрлым прогрессивті дамытуға қол жеткізу және кәсіпкерлік қызметке инновацияларды енгізу үшін мынадай шаралар жүзеге асырылуы қажет:

- өңірдің инновациялық инфрақұрылымының субъектілері ретінде әлеуметтік кәсіпкерлердің қызметін реттейтін, олардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын құқықтық актілердің әзірленуін жандандыру және жетілдіру;
- әлеуметтік кәсіпкерліктің идеяларын насихаттау үшін, әсіресе жастар арасында, жаңа мүмкіндіктері туралы ақпараттарды белсенді жариялау;
- жыл сайын неғұрлым тиімді және перспективалы әлеуметтік инновациялық жобаларды айқындауды жалғастыру;
- Қазақстанның барлық аймақтарында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың, әлеуметтік бизнесті қолдаудың өңірлік конкурстарын өткізуді нығайту;
- әлеуметтік отандық тауарлар өндірісін дамыту.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік кәсіпкерлік белсенді дамуда және бұл кәсіпкерліктің жаңа түрі ретінде маңызды экономикалық үрдістің субъектісі болып отыр. Өйткені жоғарыда атап өткеніміздей, әлеуметтік кәсіпкерлік инновациялық қызмет және экономикалық субъект ретінде нарық құрылымының басты элементіне айналуға. Нарық экономикасының заңдарына бағына отырып, әлеуметтік кәсіпкерлік ұлттық экономиканың өсімі мен тұрақтылығын, әлеуметтік мәселелерді шешуді көздейтіні белгілі.

Әлеуметтік кәсіпкерліктегі инновациялық инфрақұрылымға ғылыми ұйымдар, қорлар және т.б. жатса, әлеуметтік кәсіпкерліктің даму мүмкіндіктері саяси-құқықтық орта мен әлеуметтік-мәдени жағдайларға тікелей байланысты. Бұл салаға қолайлы жағдай жасау мен ынталандыру – институттардың өсуі және оның одан әрі дамуына ықпал етеді. Егер де шетелдік тәжірибелерге сүйенсек, мұндай әлеуметтік кәсіпкерліктегі инновациялық инфрақұрылымның даму барысын Америка Құрама Штаттарынан көруге болады. Онда академиялық институттар мен жеке қорлар инновациялық шешімдерге негіз болатын коммерциялық емес менеджмент бойынша зерттеулер, сондай-ақ, қаржылық ресурстарды пайдаланатын бизнес-жоспарлау түріндегі бірқатар қолдаушы саясаттарды жасайды. Бұл ұйымдардың қолдауы әлеуметтік кәсіпкерлік секторының дамуына жәрдем етуде маңызды рөл атқарды, өйткені, олар жеке кәсіпкерлерге әлеуметтік ұйымдарды инновациялау және басқару үрдістерінде тәжірибе алмасу және көмек көрсетудің орталық нүктесі болып табылады.

Әлеуметтік кәсіпкерлікке қатысты ғылыми институттар әзірлеген бағдарламалар осы қызмет түрін одан әрі нығайтуға және дамытуға ықпал етеді.

Нарықтық экономика жағдайында жұмыс істейтін әлеуметтік ұйымдар мен мекемелердің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қоршаған әлемнің өзгермелі құбылыстарына бейімделуі мен болашақтағы күтілетін өзгерістердің тенденциялары болжануы керек. Бұл мәселені шешуде әлеуметтік салаға әсер ететін әртүрлі жаңалықтар мен әлеуметтік инновациялар әзірленіп, жүзеге асырылуда екенін ескерсек, әлем ғалымдары әлеуметтік кәсіпкерлікті инновациялық үрдістермен байланыстырып, әлеуметтік салада жаңа құралдар мен нормалардың дамуына мүмкіндіктер беретінін тұжырымдайды. Әлеуметтік кәсіпкерліктегі инновациялар өте алуан түрлі, олар әлеуметтік өмірдегі үрдістердің әртүрлілігіне байланысты болатыны белгілі және бұл үрдістер алуан түрлі, осы орайда, мәселенің ортақ шешімін табуға негіз болатын бірқатар маңызды шаралар жиынтығын ұсынамыз, аталған шаралар жиынтығы әдебиеттерді сараптау негізінде айқындалып, еліміздегі әлеуметтік саланы дамытудың инновациялық шаралары ретінде айқындалады, олар:

- ақпараттардың ашық қолжетімділігі мен әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудағы озық технологияларды пайдалану;
- әлеуметтік кәсіпкерліктегі инновациялық басқару технологиясын жетілдіру;
- мемлекеттік қызмет көрсету саласына инновацияларды енгізуді жетілдіру;
- адамның еңбекке, дербестік пен шығармашылыққа деген ынтасын қамтамасыз ететін әлеуметтік басқару тетіктерін дамыту;
- кәсіби табыстың, қызметкерлерді іріктеудің, қайта даярлаудың және әлеуметтік бейімдеудің жаңа жүйесін қолдану.

Әлеуметтік кәсіпкерлік перспективалық инновациялар үшін өте маңызды, ол әлеуметтік бағытты ескеріп, жаңа және бірегей көзқарастарды ұсына алады. Осыған байланысты, біздің ойымызша, әлеуметтік кәсіпкерліктегі инновациялар – бұл әлеуметтік мәселелерді шешуге және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған стратегиялар, тұжырымдамалар, идеялар түріндегі жаңалықтар болып табылады. Өйткені, әлеуметтік кәсіпкерліктегі инновацияның шекарасы біршама кең, атап айтсақ: еңбек жағдайын жақсарту, білім беру, жаңа қызметтер, қоғам мүддесі үшін әрекет ететін инновациялық қауымдастықтар құру, мемлекеттік саясат пен басқаруды жаңғырту және т.б қамтиды. Осы орайда, әлеуметтік кәсіпкерліктегі инновацияның негізі мақсаты – қоғамның дамуына өзіндік әсер етуші әлеуметтік кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасау болса, инновациясыз әлеуметтік кәсіпкерлік қоғамға әлеуметтік мәселелерді шешудің жаңа формаларын ұсына алмайды. Жаңашыл идеялар, жаңа бизнес үлгілерін ашу, мүмкіндіктер мен жаңа тәсілдер енгізу, қоғамға қолайлы өзгерістер әкелу әлеуметтік кәсіпкерлікті жетілдіреді.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің жалпы сипаттамалары мыналарды қамтиды: әлеуметтік миссияның коммерциядан басымдығы, өзін-өзі қамтамасыз ету, ауқымдылық және инновациялық көзқарас.

Аталған сипаттамалар негізінде, әлеуметтік кәсіпкерліктің инновациялық қызмет ретінде дамуына негіз болатын келесі маңызды функцияларын айқындаймыз:

- үнемі әлеуметтік инфрақұрылымды құру және дамыту;
- азаматтардың әлеуметтік осал санаттарын қолдауды ұйымдастыруды жетілдіру;
- әлеуметтік кәсіпкерлердің өз мақсаттарына жетуі үшін инновациялық әдістерді іздеуі және оны кәсіпорынға енгізуі;
- әлеуметтік кәсіпкерліктегі үздіксіз инновация, бейімделу және оқыту үрдісін жүзеге асыру;
- қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік мәселелерін жеңілдету.

Бірқатар ақпараттар мен ғылыми әдебиеттерге жүргізілген зерттеулер, ізденістер негізінде әлеуметтік кәсіпкерлік қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінде белсенділікке ие екенін анықтадық, атап айтқанда:

- әлеуметтік кәсіпкерлік қоғамның әлеуметтік дамуының факторларының бірі ретінде әрекет ете отырып, өзіндік ерекшеліктері мен халықтың әртүрлі топтарының мүдделеріне

жауап беруші және бизнесті жүргізудің инновациялық нысаны ретінде әрекет ету болып табылады;

- билік органдарының, нарықтық құрылымдардың және халықтың жалпы мүдделерін көрсетіп, елдің әлеуметтік-экономикалық даму жүйесін жетілдіреді.

Әлеуметтік кәсіпкерлік, нақты формада өндірістің бүкіл үрдісін қамтитын, табыс алу мақсатында тәуекелге, инновациялық қызметке негізделген шаруашылықты жүргізу жүйесі бола келіп, бүкіл әлем бойынша әлеуметтік кәсіпкерліктегі инновациялар өмір сапасы мен деңгейін жақсартуға, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, әлеуметтік маңызды және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған.

АҚШ-та мемлекеттік-жеке серіктестік және мемлекеттік қолдаумен жеке және қоғамдық бастамаларды жүзеге асыру инновацияларды енгізудің, сондай-ақ, әлеуметтік үрдістерге бағытталған бизнесті дамытудың ажырамас элементі болып табылады (2-кесте).

Кесте 2 - АҚШ-тағы әлеуметтік инновацияларды енгізу мысалдары

№	Әлеуметтік инновация	Қысқаша сипаттамасы	Негізгі нәтижелер
1	Әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдаудың жаһандық желісі «Eshoka» қоры	Әлеуметтік кәсіпкерлердің жобаларын біріктіру және инвестициялау	60 елден 1800-ден астам әлеуметтік инноваторларды біріктіреді
2	Скола қоры	Әлеуметтік кәсіпкерлерді диалог алаңдарымен қамтамасыз ету және олардың жобаларын инвестициялау. Бұл жобалардың мақсатты аудиториясы – балалар болып табылады.	Әлеуметтік кәсіпкерлік жобалар байқауының он жеңімпазы қордан жалпы сомасы шамамен 10 миллион АҚШ долларын құрайтын қолдау алады. Аталған қор кедейшілік мәселелерін шешу, білім беру және денсаулық сақтау жүйелерін жетілдіру бойынша жобаларды қолдайды. Экологиялық мәселелерге және оларды шешуге бизнесті тартуға ерекше назар аударылды.
3	«Патисипэнт Продакшнз» кинокомпаниясы	Әлеуметтік құндылықтарды насихаттайтын және коммерциялық тұрғыдан тиімді көркем және деректі фильмдер шығару	Алғашқыда фильмдер 2006 жылы «Оскар» сыйлығының 11 номинациясын жеңіп алды, одан кейін 2007 жылы екі «Оскар» алған және климаттың өзгеруі туралы қоғамдық пікірталас тудырған фильм жарық көрді.
4	«Жас жетістіктер – жас кәсіпкер» ұйымы	Студенттердің әлеуметтік бағдарланған инновациялық жобаларды жасауға ынтасын және дайындығын арттыруға бағытталған «Әлеуметтік инновациялық эстафета» жобасы.	2012 жылы жобаның нәтижесінде 20 мыңнан астам оқушы мен 13 елдің 1354 командасынан 20 топ әлеуметтік және экологиялық мәселелермен күресу бойынша идеяларды әзірлеп, ұсынады және ол финалға өтеді. Бірінші орынды Африка елдеріндегі энергия тапшылығымен және өсіп келе жатқан аурулармен күресу бойынша Оңтүстік Африкадан келген жоба алады. Сондай-ақ, шет тілдерін үйрену үшін Skype бағдарламасын пайдалану бойынша ресейлік жоба да байқаудың финалына шықты.
Ескерту: авторлар [10] дереккөздер негізінде құрастырылған			

Бұл жағдайда жобаның табыстылығының критерийі маңызды рөл атқарды. Еуропалық Одақ кедейлікпен және әлеуметтік оқшауланумен күресуге, сондай-ақ, осы мәселелердің беделін көтеруге және қолайсыз жағдайдағы адамдардың негізгі құқықтарын тануға бағытталған әлеуметтік ынтымақтастық саясаты олардың қадір-қасиетін сақтау және қоғамдық өмірге белсене қатысуға бағыттылады.

Біздің елімізде де әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау шаралары жүзеге асырылуда, оның мысалы ретінде Атырау облысы бойынша «Жарқыра» әлеуметтік жобасын атап өтуге болады. «Теңізшевройл» ЖШС-нің қолдауымен Орта Азияның Еуразия қорымен жүзеге асырылып жатқан «Жарқыра» жобасының мақсаты Атырау облысы қоғамдастықтарының әлеуметтік,

экономикалық және экологиялық мәселелеріне тұрақты бизнес-шешімдерді ұсынуға бағытталған инновациялық әлеуметтік бастамаларға атсалысу болып табылады.

Атырау қаласындағы әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешудің кәсіпкерлік жолдарын қамтамасыз етуге бағытталған инновациялық әлеуметтік бастамаларға көмек көрсету «Жарқыра» бағдарламасының мақсаты болып табылып, оның келесідей міндеттері айқындалды, атап айтқанда:

- әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша жүргізілетін қоғамдық ақпараттық компанияның көмегімен әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің инновациялық жолдарын табуда жергілікті қауымдастықтардың мүмкіндіктерін кеңейту;

- қоғамның әлеуметтік мәселелеріне жауап ретінде жаңа бастамаларды қолға алған кәсіпкерлерге қажетті ақпараттық, қаржылық және кеңес беру бойынша қолдау көрсету.

Аталған әлеуметтік жоба 2016 жылдан басталып Атырау облысында «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылық қолдауымен жүзеге асырылып келеді. Әлеуметтік жобаның мақсаты – әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелердің тұрақты бизнес-шешімдерін ұсынуға және осы бағыттағы инновациялық-әлеуметтік бастамаларға жәрдемдесу.

Осындай мақсаттар мен міндеттердің орындалу барысын келесі 3-кестеден көруге болады.

Кесте 3 - Атырау облысы бойынша «Жарқыра» әлеуметтік жобасының 2016-2023 жылдар бойынша атқарған қызметі

Қысқаша сипаттамасы	Негізгі нәтижелер
Атырау облысы бойынша «Жарқыра» әлеуметтік жобасы 2016-2023 жылдар	Кіріспе семинарларына 2000 мыңнан астам адам қатысты.
	Бағдарлама конкурсына 900-дан астам бизнес-идея өтінімдері қабылданды.
	Бағдарлама конкурсының қорытындысы бойынша жартылай финалға 240 бизнес-идея өтті.
	35 бизнес-тренинг өткізілді.
	240 бизнес-жоспор әзірленді.
	63 үздік жоба бизнесті ашу және дамыту мақсатында қаржыландыруды жеңіп алды.
	137,685 млн.тг.жалпы грант және займ қоры құралды. ТМД, Түркия және Қазақстан қалаларында 70 таныстыру тағылымдамасы өтті: Бішкек, Мәскеу, Астана, Алматы, Ақтөбе, Шымкент, БҚО, Санкт-Петербург.
Ескерту: авторлар [11] дереккөздер негізінде құрастырылған	

Егер де 3-ші кестедегі мәліметтерге назар аударсақ, 2016-2023 жылдар аралығында «Жарқыра» әлеуметтік жобасы бойынша жүзеге асырылған іс-шаралар нәтижелері беріледі, ұйымдастырылған семинарларға қатысқан адамдар және үздік бизнес-идеялар саны айқындалған, осыған орай, жалпы грант және займ қоры 137,685 млн.тг. құраған [11].

Әлеуметтік кәсіпкерлер өздерінің қызметтерін пайда алуға бағыттап, дербес, белсенді қызмет ету керек, жаңашыл болу қажет және де бәсекелестермен күресе алатын, тәуекелге баруға дайын болуы керек [12].

Жалпы ғылыми деректерге сүйенсек, дүниежүзі бойынша әлеуметтік кәсіпкерліктегі инновацияларды зерттеу мақсатында талдаулар әзірленіп, іріктеу жүргізіледі, бұл зерттеулер мәліметтер базасы мен сауалнамадан құрылады. Оған әлем бойынша әртүрлі көлемдегі 1300-ге жуық әлеуметтік кәсіпорындар қатынасып, ұйымға инновациялар енгізу бойынша әлеуметтік кәсіпорындарға инновациялар енгізу орташа, өте жоғары немесе толығымен енгізілу деңгейін көрсетеді. Аталған зерттеулердің нәтижесі келесідей көрініс береді: ұйым түрлері бойынша – 54%; волонтерлерді ынталандыру әдістемесінде – 64%; оқыту жоспарында – 73%; ынталандыру шаралары бойынша – 48%; өтемақыларлар төлеу мен ынталандыру жұмыстары бойынша – 49%; әртүрлі қауымдастықтарды қолдау үлгісінде – 78%.

Әлеуметтік кәсіпкерлікте инновациялық коммерциялық емес кәсіпорындардан басқа «әлеуметтік мақсаттағы кәсіпкерлік кәсіпорындар» да болады, олар коммерциялық және коммерциялық емес элементтерден тұратын аралас ұйымдарды қамтуы мүмкін.

Қазіргі әлемдегі әлеуметтік кәсіпкерліктің даму үрдісі бұл қоғамның әртүрлі әлеуметтік мәселелерді шешудің қайнар көзі ретінде танылғанын көрсетеді, мысалы: жұмыссыздық, белгілі бір әлеуметтік топтардың жұмыспен қамтылуы, әлеуметтік оқшаулану, қолжетімді медициналық көмектің болмауы, қоршаған ортаны қорғау т.б. Көптеген зерттеулерде әлеуметтік кәсіпкерлік ұлттық инновациялық экожүйені дамытудың маңызды аспектілерінің бірі ретінде де қарастырылады [13], [14].

Қорытынды

Қазақстанда мемлекет пен бизнес тарапынан әлеуметтік кәсіпкерліктің табиғатын, идеяны заңнамалық және әкімшілік ілгерілетудегі іс-әрекеттер жүргізілуде. Өйткені, әлеуметтік кәсіпкерлік әлеуметтік мәселелерді шешудің маңызды көздерінің бірі болып табылады және осының арқасында аймақтық және мемлекеттік деңгейдегі дамудан бастап, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер үрдісі қалыптасуда және экономикалық өсімге қол жеткізуге болады. Ендігі іс-әрекет, әлеуметтік кәсіпкерліктің қызметін инновациялық тұрғыда үйлестіретін механизмді қалыптастыру маңызды екені белгілі болса, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бойынша келесідей ұсыныстар береміз: мемлекеттік қолдау шараларын әрі қарай жалғастыру; дағдыларды арттыру, тәжірибе алмасу, ақпаратқа қол жеткізу, тәжірибе жинақтау; инвестициялар тарту, заманауи бизнес дағдыларына оқыту, диалог алаңын ұйымдастыру, бизнесте жасанды интеллекті қолдану, қаржылық сауаттылықты арттыру, қоғамдағы хабардарлықты жандандыру. Осындай, әлеуметтік кәсіпкерліктің қызметін инновациялық тұрғыда үйлестіретін механизмді қалыптастырудың ұсынылған іс-шаралары Қазақстан нарығында жаңа әлеуметтік кәсіпкерлік құрудың үлгісі бола алады. Сонымен қатар, нарықта сәтті жұмыс істейтін кез-келген әлеуметтік кәсіпкерлік, басқа да аймақтарда үлесін кеңейту арқылы дамып, жаңа нарықтарға шығуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сингх С.К., Гаур С.С. Предпринимательство и инновационный менеджмент в странах с развивающейся экономикой // Руководство. Decis. 56. 2018. – С. 2-5.
- 2 Алверсон К.Ю., Ямамото С.Х. Разговор с учителями, администраторами и родителями: предпочтения в визуальном отображении данных об образовании // J. Education. Исследование. – 2. – 2014. С. 114-125
- 3 Кикул Дж., Гандри Л., Митра П. и Берсо Л. Проектирование с целью: пропаганда инноваций, воздействия, устойчивости и масштаба в образовании по социальному предпринимательству. Предприниматель. Образование// Pedagog. 1. – 2018. С. 205–221
- 4 Веретенникова А. Ю. Мировые научные школы исследования социального предпринимательства // А.Ю. Веретенникова, К.М. Козинская, Е.В. Попов//Вестник Тюменского государственного университета. Социально-экономические и правовые исследования. – 2019. – Т. 5. № 1. С. 157-177
- 5 Московская А.А. Социальное предпринимательство в системе социальной политики: мировой опыт и перспективы России / А.А. Московская, И.В. Соболева // Проблемы прогнозирования. – 2016. - № 6 (159). – С. 103-111
- 6 Дуглас Э., Прентис С. (2019). Инновации и мотивация к получению прибыли в социальном предпринимательстве: анализ нечетких множеств // J. Bus. Res. 99, P. 69-79
- 7 Окутаева С.Т., Байбашева Г.Т., Тансыкбаева Г.О. Развитие социального предпринимательства в Казахстане (на примере социальной мастерской green tal) // Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2023. - № №2 (51). С.164-170
- 8 Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 24 маусымдағы № 52-VII ҚРЗ. - Available at: - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000052> (қаралу уақыты: 03.01.2025)
- 9 «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы. - Available at: - URL: <https://atameken.kz/kk/pages/39-missiya-palaty> (қаралу уақыты: 03.01.2025)
- 10 Martens C., Lacerda F., Belfort A., Freitas H. Research on Entrepreneurial Orientation: Current Status and Future Agenda // International Journal of Entrepreneurial Behavior. – 2016. - №6. – P.557–567
- 11 «Жарқыра» Программа развития социального предпринимательства. - - Available at: - URL: https://ef-ca.kz/proekty/podderzhka_predprinimatelstva/programma_razvitiya_socialnogo_p (қаралу уақыты: 03.01.2025)

12 Б. Бимбетова, Ж. Кенжин, Г. Жанибекова, Ж. Кинашева, А.Оспанова Социальное предпринимательство: роль и возможностей в современном обществе // Научный журнал «Вестник НАН РК». – 2023.- 404 (4). – С. 378–391.

13 Gita Surie, Aard Groen The importance of social entrepreneurship in national systems of innovation — An introduction // Technological Forecasting and social Change– 2017. - [Volume 121](#). – P. 181-183

14 Интыкбаева С.Ж., Есенова Г.Ж., Алибаева А.Д. Социальное предпринимательство: теория и практика. Вестник университета «Туран». – 2021. – (1). – С. 9-16

СОЦИАЛЬНОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО: КАК ИННОВАЦИОННЫЙ ФАКТОР РАЗВИТИЯ РЕГИОНА

Аннотация

В статье рассматривается роль социального предпринимательства как инновационного фактора развития региона. В то время как развитие социально-экономических отношений определяется тем, что они отражают рыночный механизм решения важных социальных проблем, явным проявлением этих проблем являются неравенство качества жизни различных групп населения, безработица, недостаточное производство социально значимых товаров и услуг, торможение развития социально-экономической системы и ее сложность, актуальность, возникшая в связи с современной ситуацией. Решение данной проблемы требует активного развития социального предпринимательства в стране. Ведь развитие данного предпринимательства не только поможет вовлечь в бизнес слабозащитные социальные группы населения через расширение границ эффективного спроса, но и позволит создать новые объекты экономической инновационной инфраструктуры. Известно, что повышение активности инновационных процессов в социальной сфере, в свою очередь, обеспечивает улучшение благосостояния общества, являясь агентами перемен социальных предпринимателей, и позволяет им устанавливать социальный баланс. Определена роль государства как инициатора социальных предпринимателей в осуществлении инновационной деятельности, в связи с чем в данной статье рассматриваются нормативно-правовые акты, найденные в качестве законодательной поддержки, основанной на создании благоприятной социальной атмосферы для населения в обществе.

Основная цель статьи – проанализировать роль социального предпринимательства в обеспечении социально-экономического развития регионов, выявить его как фактор инновационного развития на региональном уровне и предложить эффективные механизмы, направленные на решение социальных проблем на основе проектов. Вместе с тем, акцентируя внимание на социальных проектах, реализуемых в рамках социального предпринимательства, будет определяться и тот факт, что поддержка этих проектов стимулирует активность социального предпринимательства, повышает его деловую ценность и дает положительный социальный эффект. В этой связи будет проведено исследование экспериментальных результатов примеров внедрения социальных инноваций в США. Как известно, в нашей стране также реализуются меры поддержки социального предпринимательства, примером которых является социальный проект «Жаркыра», реализуемый по Атырауской области, который рассматривается в данной статье и определяется его инновационная роль в развитии экономики региона.

Ключевые слова: социальное предпринимательство, инновация, инфраструктура, развитие региона, социальные инновационные проекты, социально-экономическое развитие, научный-прогресс.

SOCIAL ENTREPRENEURSHIP: AS AN INNOVATIVE FACTOR IN THE DEVELOPMENT OF THE REGION

Abstract

This article examines the role of social entrepreneurship as an innovative force in the region's development. While the development of socio-economic relations is determined by the fact that they reflect the market mechanism for solving important social problems, a clear manifestation of these problems are inequality in the quality of life of various groups of the population, unemployment, insufficient production of socially significant goods and services, the slowdown in the development of the socio-economic system and its complexity, the relevance that arose in connection with the current situation. Solving this problem requires actively developing social entrepreneurship in the country. After all, the development of this entrepreneurship will not only help to involve weakly protected social groups in business through expanding the boundaries of effective demand, but will also allow the creation of new objects of economic innovation infrastructure. It is known that increasing the activity of innovative processes in the social sphere, in turn, improves society's welfare, serves as a catalyst for social entrepreneurs, and allows them to establish social balance. The role of the state as an initiator of social entrepreneurs in the implementation of innovative activities is determined, and this article examines the normative legal acts serving as legislative support for creating a favourable social atmosphere for the population.

At the same time, by focusing on social projects implemented within the framework of social entrepreneurship, it will be determined that supporting these projects stimulates social entrepreneurship, increases its business value, and

produces a positive social effect. As you know, measures to support social entrepreneurship are also being implemented in our country. One example is the social project "Zharlyka", implemented in the Atyrau region, which is discussed in this article and whose innovative role in the region's economic development is determined.

Keywords: social entrepreneurship, innovation, infrastructure, regional development, social innovation projects, socio-economic development, scientific progress.

REFERENCES

1 Singh, S. K., i Gaur, S. S. Predprinimatel'stvo i innovacionnyj menedzhment v stranah s razvivayushchejsya ekonomikoj [*Entrepreneurship and Innovation Management in Emerging Economies*] // Rukovodstvo Decis. 56. 2018. – P. 2-5. [in Russian].

2 Alverson, K. YU., i Yamamoto, S. H. Razgovor s uchitelyami, administratorami i roditelyami: predpochteniya v vizual'nom otobrazhenii dannyh ob obrazovanii [*Conversations with Teachers, Administrators, and Parents: Preferences for Visual Display of Education Data*] // J. Education. Issledovanie – 2. – 2014. P. 114-125. [in Russian].

3 Kikul Dzh., Gandri L., Mitra P. i Berso L. Proektirovanie s cel'yu: propaganda innovacij, vozdejstviya, ustojchivosti i masshtaba v obrazovanii po social'nomu predprinimatel'stvu. [*Designing with Purpose: Promoting Innovation, Impact, Sustainability, and Scale in Social Entrepreneurship Education*] Predprinimatel'. Obrazovanie // Pedagog. 1. – 2018. P. 205–221. [in Russian].

4 Veretennikova, A. YU. Mirovye nauchnye shkoly issledovaniya social'nogo predprinimatel'stva // [*Global research schools on social entrepreneurship*] A.YU. Veretennikova, K.M. Kozinskaya, E.V. Popov//Vestnik Tyumenskogo gosudarstvennogo universiteta. Social'no-ekonomicheskie i pravovye issledovaniya. – 2019. – T. 5. № 1. P. 157-177. [in Russian].

5 Moskovskaya, A.A. Social'noe predprinimatel'stvo v sisteme social'noj politiki: mirovoj opyt i perspektivy Rossii // [*Social Entrepreneurship in the Social Policy System: Global Experience and Russian Prospects*] A.A. Moskovskaya, I.V. Soboleva // Problemy prognozirovaniya. – 2016. - № 6 (159). – P. 103-111. [in Russian].

6 Duglas E. i Prentis S. (2019). Innovacii i motivaciya k polucheniyu pribyli v social'nom predprinimatel'stve: analiz nechetkih mnozhestv [*Innovation and Profit Motivation in Social Entrepreneurship: A Fuzzy Set Analysis*] // J. Bus. Res. 99, P. 69-79 [in Russian].

7 Okutaeva S.T., Bajbasheva G.T., Tansykbaeva G.O. Razvitie social'nogo predprinimatel'stva v Kazahstane (na primere social'noj masterskoj green tal) [*Development of social entrepreneurship in Kazakhstan*] // Vestnik Kazahskogo universiteta ekonomiki, finansov i mezhdunarodnoj trgovli. – 2023. - № №2 (51). P.164-170 [in Russian].

8 Qazaqstan Respublikasynyñ keibir zañnamalyq aktilerine käsipkerlik, äleumettik käsipkerlik jäne mindetti äleumettik medisinalyq saqtandyru mäseleleri boıynşa özgerister men tolyqtyrular engizu turaly Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy 2021 jylǵy 24 mausymdaǵy № 52-VII QRZ [*Law of the Republic of Kazakhstan No. 52-VII RKZ dated June 24, 2021 On Amendments and Additions to Certain Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on Issues of Entrepreneurship, Social Entrepreneurship and Compulsory Social Medical Insurance.*] - Available at: - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000052> [in Kazakh]. (accessed: 03.01.2025)

9 «Atameken» QR Ültyq käsipkerler palatasy. ["Atameken" National Chamber of Entrepreneurs of the Republic of Kazakhstan] - Available at: - URL: <https://atameken.kz/kk/pages/39-missiya-palaty> [in Kazakh]. (accessed: 03.01.2025)

10 Martens C., Lacerda F., Belfort A., Freitas H. Research on Entrepreneurial Orientation: Current Status and Future Agenda // International Journal of Entrepreneurial Behavior. – 2016. - №6. – P.557–567 [in English]

11 «Zharkyra» Programma razvitiya social'nogo predprinimatel'stva. ["Zharkyra" Social Entrepreneurship Development Program] - Available at: - URL: https://ef-ca.kz/proekty/podderzhka_predprinimatelstva [in Russian] (accessed: 03.01.2025).

12 B. Bimbetova, ZH. Kenzhin, G. Zhanibekova, ZH. Kinasheva, A.Ospanova Social'noe predprinimatel'stvo: rol' i vozmozhnostej v sovremennom obshchestve [*Social entrepreneurship: role and opportunities in modern society*] // Nauchnyj zhurnal «Vestnik NAN RK». – 2023.- 404 (4). – P. 378–391. [in Russian].

13 Gita Surie, Aard Groen The importance of social entrepreneurship in national systems of innovation — An introduction // Technological Forecasting and social Change– 2017. - Volume 121. – P. 181-183 [in English]

14 Intykbayeva S.Z., Yessenova G.Z., Alibayeva A.D. Social entrepreneurship: theory and practice. [*Social entrepreneurship: theory and practice*] Bulletin of «Turan» University. – 2021. – 1. – P. 9-16 [in Russian].

Information about authors:

Gulden Zhanteleuova - **corresponding author**, Doctoral student at L.N.Gumilev Eurasian National University, 010008, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: zhanteleuova@list.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2375-2582>

Lisa Izbasarova - Candidate of Economic Sciences, Associate Acting Associate Professor of Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, 060000, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: Liza78_78@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9156-1740>

Assel Kadyrbergenova – PhD, Associate Acting Associate Professor of Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, 060000, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: asel-k-80@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9469-4474>

Zhanat Yerniyazova - Candidate of Economic Sciences, Associate Professor of Korkyt Ata Kyzylorda University, 120000, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan

E-mail: zhan_san@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8393-3246>

Информация об авторах:

Гулден Жантелеуова - **основной автор**, докторант Евразийского национального университета им.Л.Н.Гумилева, 010008, г.Астана, Республика Казахстан

E-mail: zhanteleuova@list.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2375-2582>

Ли́за Избасарова – кандидат экономических наук, ассоциированный профессор Атырауского университета им.Х.Досмухамедова, 060000, г.Атырау, Республика Казахстан

E-mail: Liza78_78@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9156-1740>

Асель Кадырбергенова – PhD, НАО Атырауский университет им. Х.Досмухамедова, 060000, г.Атырау, Республика Казахстан

E-mail: asel-k-80@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9469-4474>

Жанат Ерниязова - кандидат экономических наук, ассоциированный профессор Кызылординского университета имени Коркыт Ата, 120000, г.Кызылорда, Республика Казахстан

E-mail: zhan_san@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8393-3246>

Авторлар туралы ақпарат:

Гулден Жантелеуова - **негізгі автор**, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, 010008, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: zhanteleuova@list.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2375-2582>

Ли́за Избасарова – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті, 060000, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: Liza78_78@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9156-1740>

Асель Кадырбергенова – PhD, Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті, 060000, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: asel-k-80@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9469-4474>

Жанат Ерниязова - экономика ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, 120000, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: zhan_san@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-8393-3246>